

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің экономикалық факультетінің 60 жылдығына арналған **«Жаңа болмыс жағдайында экономика және қоғам»** Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының **материалдары**, 25 мамыр 2023 жыл, II бөлім= **Материалы** Международной научно-практической конференции **«Экономика и общество в условиях новой реальности»**, посвящённой 60-летию экономического факультета Казахского агротехнического исследовательского университета имени С.Сейфуллина, 25 мая 2023 год, II часть = **Materials** of the International scientific and practical conference **«Economy and Society in a new reality»** dedicated to the 60th anniversary of the Faculty of Economics of the S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, May 25, 2023, II part. – 2023. – Ч.2. – Б.172-177.

КӘСІПОРЫНДЫ БАСҚАРУ МЕН БАҚЫЛАУДА ІШКІ АУДИТТІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

ӘОЖ 657.6 (045)

*Шаукерова З.М., э.ғ.к.
С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ, Астана қ.*

Қазақстан Республикасында бүгінгі күні сыртқы аудит қалыптасты, бірақ отандық ішкі аудит даму сатысында тұр. Ішкі аудиттің міндеттері мен әдістері «Аудиторлық қызмет туралы» Заңға сәйкес жүргізілетін жалпы аудиттің міндеттері мен әдістеріне ұқсас. Қазіргі уақытта қазақстандық және шетелдік экономикалық әдебиетте ішкі аудиттің мәнін, функциялары мен міндеттеріне толық түсінік жоқ.

Ішкі аудитті жүргізу экономикалық субъектінің басшылығы және (немесе) меншік иелері үшін ақпараттық және консультациялық мәнге ие, өйткені ол экономикалық субъектінің қызметін оңтайландыруға және оның басшылығының міндеттерін орындауға жәрдемдесуге арналған.

Ішкі аудиттің рөлі ұйымның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін ұйымның ішкі тәжірибесі мен рәсімдеріне тексеру жүргізу болып табылады. Қызмет, департамент, басқару немесе өзге де нысандағы ішкі аудит органы ұйымды басқару процесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл ретте ішкі аудит органы өзінің тәуелсіздігін, бағыныштылығы мен ұйымның бірінші басшысына тікелей есеп беруін сақтауы тиіс [1].

Ішкі аудит - басшылықтың ішкі бақылау жүйесінің бір бөлігі болып табылады және ішкі бақылаудың басқа компоненттерінің тиісті түрде жұмыс істейтінін айқындау жөніндегі жұмыстарды орындауға арналған [2]. Тиісінше, ішкі аудит жұмысы басшылықтың ішкі бақылау жүйесін күшейтуге бағытталған. Ішкі аудит тәуелсіз болуы керек, яғни ішкі аудиттің өз міндеттерін, сондай-ақ объективті түрде орындау қабілетіне қауіп төндіретін жағдайлардан тәуелсіз болуы керек. Объективтілік аудиторларға ішкі аудитті әділ орындауға мүмкіндік беретін құралдан тұрады, бұл

аудиторлық пікір объективті және басқа тұлғалардың пікіріне бағынбайтын болады

Ішкі аудиттің мақсаттары болып келесілер табылады:

1) компанияда бухгалтерлік есеп жүйесін және ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз ету;

2) компания активтерінің сақталуын және тиімді пайдаланылуын бақылау;

3) компания қызметкерлерінің ұйым саясатына сүйене отырып, олардың алдына қойған міндеттерді орындауын қамтамасыз ету.

Компанияларда ішкі аудит жүйесін жүзеге асыру үшін ішкі аудит стандарттарының әдістемесі болуы қажет. Ішкі аудиторлық тексеру жүргізу және оның нәтижелерін ұсыну жөніндегі іс-шараларды келесі кезеңдерге бөлуді ұсынамыз:

1. Аудитті жоспарлау:

- аудит жоспарын әзірлеу;

- аудит бағдарламасын құру;

2. Аудиторлық рәсімдерді жүргізу:

- бухгалтерлік есеп жүйесін және есептілікті бағалау;

- қаржылық-шаруашылық қызметтің қолданыстағы көрсеткіштері мен үрдістерін зерттеу бойынша талдамалық рәсімдер;

- шаруашылық операцияларды, бухгалтерлік есеп шоттары бойынша қалдықтарды және қаржылық есеп нысандарының көрсеткіштерін тексеру бойынша аудиторлық рәсімдер.

Ішкі аудиттің негізгі анықтамалары нормативтік актілерде ұсынылған және әр түрлі авторлардың пікірлері 1 - кестеде қарастырылған.

Кесте 1 - «Ішкі аудит» ұғымының анықтамалары

Нормативтік акті/автор	Ішкі аудиттің анықтамасы
Ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің халықаралық негізі	Ішкі аудит - бұл ұйымның жұмысын жақсартуға және құндылықты арттыруға бағытталған тәуелсіз, объективті растау және кеңес беру қызметі. Ол ұйымға тәуекелдерді басқару, бақылау және басқару процестерінің тиімділігін бағалауға және жақсартуға жүйелі, тәртіпті көзқарасты қолдану арқылы өз мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі [3].
Андреев В.Д.	Ішкі аудит-ірі шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін, негізінен экономиканың мемлекеттік емес секторы үшін қажетті ішкі бақылау жүйесінің элементі, оның көмегімен сапа өсуі, өнімнің өзіндік құнын төмендету, нарық қажеттіліктерін білу және осылайша, жұмыс тиімділігін арттыру есебінен нарықта табысты бәсекеге түсу үшін қолданылады[4, 5].
Шеремет А.Д., СуйцВ.П.	Ішкі аудит - ұйымның өз мүддесінде оның жұмысын тексеру және бағалау жөніндегі тәуелсіз қызметі [1, 116.].
Сотникова Л.В.	Ішкі аудит - ішкі бақылауды ұйымдастыру нысаны

	емес, ішкі бақылаудың құрылымдық-функционалды жүйесін толықтыратын және оның конфигурациясына кіретін құрылым болып табылады [6].
Сонин А.М.	Ішкі аудит - ұйымның ішінен жүзеге асырылатын және компания менеджерлерінің қолда бар бақылау жүйесін сенімді және тиімді түрде барлық аспектілерін тәуелсіз бағалау функциясы болып табылады [7].
Кришталева Т.И.	Ішкі аудит-бұл ұйымның әкімшілік аппаратына өз функцияларын орындауды қамтамасыз етуге көмек көрсету мақсатында мамандандырылған бөлімшенің қызметкерлері жүзеге асыратын басқарманың барлық буындарының қызметіне ішкі бақылауды ұйымдастыру тәсілі [8].
Жақыпбекова С.Ж.	Кеңес беру, аудит көрсеткіштерін талдау жолымен оның белгіленген параметрлерге сәйкестігін сандық-сапалық бағалау процесі [8].
Атыгаева З.Ж.	Ұйымның қызметін тексеру және бағалау қызметі ретінде компания ішінде құрылған тәуелсіз сарапшы қызметі [9].

3. Қорытындыларды жинақтау, ішкі аудиторлық тексеру есебін жасау және аудит нәтижелері бойынша ақпаратты мүдделі пайдаланушыларға ұсыну. Аудиторлық бағдарлама мәні бойынша аудиторлық процедуралар бағдарламасы түрінде жасалады. Бақылау құралдары тестілерінің бағдарламасы ішкі бақылау жүйесінің және бухгалтерлік жүйенің жұмыс істеуі туралы ақпарат жинауға арналған іс-қимылдар тізбесін білдіреді. Қорытынды ұсыну. Ішкі аудиторлардың жүргізген тексерулері бойынша қорытындыларды жинақтау, басшылық бекіткен тізбеге сәйкес есептерді құрастыру және оларды мүдделі тұлғаларға ұсыну.

Ішкі аудитті аудиттелетін субъектіге қатысты ішкі аудиторлар ғана емес, сыртқы аудиторлар да жүргізе алады. Аудиттің халықаралық стандартында (ХАС) ішкі және сыртқы аудиторлардың өзара қарым-қатынасы міндетті түрде қарастырылады. Ішкі аудит бөлімінің жұмысы да тексеруді қажет етеді, өйткені ол сыртқы аудитор сияқты дәрежеге дейін тәуелсіз және объективті бола алмайды [9,156.].

610 ХАС - та аудиторлық компания алдағы тексеруді жоспарлау үшін қажетті ішкі аудит қызметі туралы пікір қалыптастыруы тиіс деп көрсетіледі [3, 15 б.]. Ішкі аудиттің тиімділігі аудиторлық ұйымның аудиторлық тәуекелді және ІБЖ бағалауы кезінде маңызды фактор болуы мүмкін және сол арқылы аудиторлық ұйым орындайтын рәсімдердің көлемін айтарлықтай қысқартуы мүмкін, бірақ мұндай рәсімдерді толық жүргізу қажеттігін жоққа шығара алмайды. Аудитор ішкі аудитті бағалау бағдарламасын құрастыруы және өзінің жұмысының құжаттамасында сыналған, зерделенген және бағаланған ішкі аудитордың нақты жұмысына қатысты қорытындыларды

көрсетуі тиіс. Аудитті жоспарлау сатысында мынадай факторларды ескеру қажет:

1) ұйымдық мәртебе: экономикалық субъектінің басқару жүйесіндегі ішкі аудит жүйесінің (ІАЖ) ережесі;

2) құзыреттілігі: ішкі аудиторлардың кәсіби білімі мен дағдылары (жұмыс тәжірибесі), ІАЖ қызметкерлерін жалдау, оқыту және біліктілігін арттыру саясаты;

3) кәсіби деңгейі: ішкі аудит жұмысын жоспарлау, бақылау және құжаттаудың жай-күйі, ішкі аудит бойынша тиісті ережелердің, жұмыс бағдарламалары мен жұмыс құжаттамаларының болуы және мазмұны;

4) функционалдық шеңберлер: ішкі аудит жүйесі орындайтын жұмыстың мазмұны мен көлемі;

5) мәнділік деңгейі: экономикалық субъектінің басшылығы және (немесе) меншік иелері ішкі аудит ұсынымдарын қарайды және орындау үшін қабылдайды.

ІАЖ қызметін бағалағаннан кейін аудиторлық компания сыртқы аудит мақсаттары үшін ішкі аудит ақпаратын пайдалануға болатындығын шешуі тиіс. Егер басшылар қызметті жоспарлауды және ұйымдастыруды ұйымның мақсаттары мен міндеттеріне ұтымды және үнемді қол жеткізетініне жеткілікті сенім беретін тәсілмен жүзеге асырса, ІБЖ жеткілікті тиімді деп есептеледі. Қызметті ұйымдастыру жүйесін әзірлеу процесі мақсаттар мен міндеттерді қоюдан басталады. Бұдан кейін олардың мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін бірлесіп әрекет етуі үшін компоненттер, іс-әрекеттер және (немесе) адамдар ұғымын біріктіру немесе байланыстыру жүзеге асырылады. Ұйымның ІБЖ басқару саясатының сақталуын, активтердің қорғалуын және құжаттардың толықтығы мен нақтылығын қамтамасыз ете отырып, ұйымдасқан және тиімді жұмысының мақсаты ретінде анықталуы мүмкін.

Ішкі бақылау жүйесінің бірнеше негізгі мақсаттары бар:

1. Ақпараттың нақтылығы, сенімділігі және толықтығы.
2. Саясатқа, жоспарларға, рәсімдерге, сондай-ақ заңнамаға сәйкестігі.
3. Активтердің сақталуын қамтамасыз ету.
4. Ресурстарды тиімді пайдалану.
5. Компанияның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу.

Ішкі бақылау ұғымы бірнеше негізгі элементтерді қамтиды:

- Компанияның ішкі ортасы, яғни этикалық құндылықтар, басқару стилі, шешім қабылдау процесі, өкілеттілікті беру және жауапкершілікті қабылдау, кадр саясаты, қызметкерлердің құзыреттілігі және компания басшылығының ішкі бақылауға қатынасы.

- Өз мақсаттарына жету жолында компания алдында тұрған тәуекелдерді анықтау, талдау және басқару.

- Күнделікті бақылауды жүзеге асыру: есеп және есептілік, өкілеттілікті бөлу, активтерге тікелей қол жеткізу, мониторинг.

- Ақпаратқа рұқсат етілген кіру жүйесі.

- Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін анықтау үшін қажетті мониторингі.

Компанияның мақсаты жұмыста ауытқулардың, қателердің және тиімсіздіктің болмауын толық кепілдендіретін ішкі бақылау жүйесін құру емес, ал жұмыстың тиімділігін арттыруға ықпал ете отырып, оларды уақтылы анықтауға және жоюға көмектесетін жүйелер болуы тиіс. Өйткені компания артық ресурстарды басқаруға бағытталған басқа мақсаттарға жұмсауы мүмкін.

Қорытындылылай келе, ішкі аудит басқару қызметі ретінде өндірісті тиімді жүргізуге және компанияның нақты қандай қызметтері мен бөлімшелерін, сондай-ақ оның қызметінің бағыттарын белгілеуге мүмкіндік беретін қойылған мақсаттарға қол жеткізуге және кәсіпорын қызметінің нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік бермейтін факторларды уақтылы анықтауға және жоюға мүмкіндік береді. Ішкі бақылау басқару қызметі ретінде басқару объектісі мен басқару жүйесі арасындағы кері байланыс құралы болып табылады, басқарылатын объектінің нақты жағдайы, басқарушылық шешімнің нақты орындалуы туралы хабардар етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шеремет А.Д., Суйц В.П. Аудит [Текст] / Учебник. – 5-е изд., испр. и доп. – М.: ИНФРА - М, - 2012. – 448 с.

2. Kalutskaya N.A., Kovalenko S.N., Kovalenko Y.N., Saprykina T.V., Aulov Y.L. Risk - based internal audit concept development in agro - industrial economy sector E3S [Text] / Web of Conferences. Том 371. 28 February – 2023. – P. 512-519.

3. Международные основы профессиональной практики внутреннего аудита [Электронный ресурс]: – URL: <https://www.theiia.org/en/standards/mission-of-internal-audit/>

4. Сборник международных стандартов контроля качества аудита, обзорных проверок, прочих заданий, обеспечивающих уверенность и заданий по оказанию сопутствующих услуг Издание 2015г. Том 1. [Электронный ресурс]: <https://audit.kz/sbornik-mezhdunarodnykh-standartov-audita-2015-goda/>

5. Андреев В.Д. Внутренний аудит [Текст]: Учеб.пособие. – М.: Финансы и статистика, - 2003. – 462 с.

6. Сотникова Л.И. Внутренний контроль и аудит [Текст]: Учебник — М.: ВЗФЭИ, - Финстатинформ, - 2000. — 239 с.

7. Кришталева Т.И. Концепция развития внутреннего и внешнего контроля расчетов с бюджетом и их информационного обеспечения [Текст]: э.ғ.к. дис. автореф. – Москва, - 2009. – 26 б.

8. Жақыпбеков С.Ж. Ішкі аудит [Текст] / – Алматы: Экономика, - 2008. – 344 б.

9. Атыгаева, З. Ж. Внешний и внутренний аудит в Республике Казахстан [Текст]: учебник / З. Ж. Атыгаева, - Алматы: Раритет, - 2011. - 232 с.